

ЖАС ҚАЛАМГЕР

№1, ақпан-наурыз, 2021 жыл

ГАЗЕТ 2021 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

СҰХБАТТАСАЙЫҚ

Бүгінгі санда:



Ерте, ерте, ертеде...
Өлең - сөздің патшасы
Полинаның комикстері
Шығармашылық жұмыс
Мектеп жаңалықтары
Ойнайық та, ойлайық!
Психолог кеңесі
Қашықтықтағы көркем жазу
Кішкентай аспазшы
Ән шырқайық!
Кел, танысайық!
Балақай, сурет салайық!

«Сұхбаттасайық» айдарының қонағы гимназия директоры
Галина Николаевна Панченко

- Құрметті, Галина Николаевна, сіз ұстаз мамандығын қалай таңдадыңыз?
- Менің бала кезімнен музыкаға бейімдігім болды, мектепке алғаш барғаннан бастап, пианиноға қызушылығым артты, содан кейін мектеп бітірген соң, музыкалық колледжді бітірдім де, мұғалім атандым.
- Бала кезіңізде кім болуды армандадыңыз?
- Балалық шақта арман көп болады ғой, негізі мен киноактриса болғым келді.
- Ұлы педагогтардың ішінен кімді үлгі тұтасыз?
- Әрине, педагогикалық салада жүргеннен кейін өмір бойы үздіксіз білім алу керекпіз, ал ұлы педагогтардың ішінен өзіме ұлы тұлға, кеңес педагогі Антон Семенович Макаренконы үлгі тұтамын.
- Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рахмет.

Гимназия директорымен сұхбатты жүргізген
және қазақ тіліне аударған Деменова Дарья

ЕРТЕ, ЕРТЕ, ЕРТЕДЕ...

Ақ тиін мен қасқыр.

Ақ тиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді.

Ақ тиін жалынып:

- Мені жеме, жібер!- дейді.
- Жарайды жіберейін, бірақ сен мынаны айт, неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Сонда ақ тиін:

- Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлей алатын емеспін, -дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:
- Сен, қасқыр, залымсың, залымдық ішіңді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз, - депті.

«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін баяндайтын 3 «В» сынып оқушысы Подыман Виктория, тыңдағыңыз келсе мына сілтемеге <https://youtu.be/BsRNnKFh-6c> басыңыз.

Ертегі мазмұны бойынша суретті салған
4 «А» сынып оқушысы Редькина Полина



Мәтінді терген: Жилкина Таисия



ӨЛЕҢ - СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

КӨКТЕМ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

- Көктем деген немене?
- Көктем деген көп жаңбыр.

Өнге салып әуеде,
Қарлығаш ол тұрған біз.
Көктем деген ашылған,
Бұлақтардың көзі ғой.
Ақ тұманның басында,
Жаңа туған қозы ғой.

Көктем деген, балалар,
Құлыншақ қой зулаған.
Еркелеген далаға,
Құрық салсаң тулаған.
Көктем деген қыстағы,
Өніміз ғой айтатын,
Көктем деген құстар ғой,
Туған жерге қайтатын.

«КӨКТЕМ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?» өлеңін оқығандар: 2 сынып оқушылары
Яськина Яна мен Салихов Амир. Өлеңді тыңдағыларыңыз келсе мына сілтемеге
<https://youtu.be/YfyxQBEejv8> өтіңіз.


АЛ, САНАЙЫҚ, САНАМАҚ!

Ал, қанекей, санайық,
Балаларын Аптаның.
Орындарын табайық,
Сен де босқа жатпағын,
Ең үлкені – Дүйсенбі
Барлығының басшысы.
Одан кейін Сейсенбі,
Дүйсенбіден жас күші.
Үшіншісі Сәрсенбі,
Ішіндегі сәттісі.

Бел ортада Бейсенбі,
Балалардың нақ күші.
Жұма – ұлдың ұлысы,
Бар мұсылман сынынған,
Сенбі бөлек ұлы ісі.
Кенже туған баласы –
Жексенбі ғой жігерлі.
Қанша бала санапшы,
Атауларын біл енді!

«АПТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ» санамағын оқыған 1 - сынып оқушылары

Санамақты тыңдағыңыз келсе, сілтеме арқылы өтіңіз: <https://youtu.be/B7H2No5ILeU>



Бетті әзірлеген Деменева Дарья



ПОЛИНАНЫҢ КОМИКСТЕРІ



Бетті әзірлеген Редькина Полина



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Ыбырай Алтынсарин атамыздың әңгімелерінің желісі бойынша салынған бастауыш сынып оқушыларының суреттерін ұсынамыз.



Ильясова Малика, 4 «А» сынып
«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»



Борисова Ксения, 4 «А» сынып
«Бақша ағаштары»



Кенжибаев Максат, 3 «В» сынып
«Таза бұлақ»



Адабаш Андрей, 1 «А» сынып
«Алтын шеттеуік»



Музыка Марина, 3 «Б» сынып
«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»



Залевская Ангелина, 3 «В» сынып
«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»

Бетті әзірлеген Деменова Дарья



МЕКТЕП ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

2021 жылғы 18-19 ақпанда Ы.Алтынсариннің туғанына 180 - жыл толуына орай ақынның шығармашылығына арналған « Ұлы мұра » атты марафон аясында облыстық қашықтық олимпиадасына біздің мектептен 3-4 сынып оқушылары қатысты.

Ы. Алтынсариннің шығармашылығы бойынша қашықтық олимпиада on-line режимінде, бір турда өткізілді.

Біздің гимназиямыздың атынан олимпиадаға 4"а" сынып оқушысы Борисова Ксения, 3 «А» сынып оқушылары Масабаев Мансур мен Топчая Милана, 3 «Б» сынып оқушылары Подыман Виктория мен Рыженкова Дарья.

Аталған оқушылар қатысқандығын растайтын сертификаттар алды.




Бетті әзірлеген Штурхун Натали



ОЙНАЙЫҚ ТА, ОЙЛАЙЫҚ!

ҚЫЗЫҚТЫ СӨЗЖҰМБАҚ



СҰРАҚТАРЫ:

- 1. Мойыны сорайған,
Сирагы серейген
Теңбіл шұбар терісі
Шөлдегі аңның ірісі.
Жонында жалы бар,
Бұл қай жануар?*
- 2. Мүйізінен тарланған
Жанға шипа дәрі алған.*
- 3. Далада жүр шапқылап,
Керемет бір саққұлақ.*
- 4. Өте баяу сырғайды,
Еш жерге асықпайды.*
- 5. Асты тас, үсті тас.*
- 6. Басында мүйізі бар,
Үстінде киізі бар.*
- 7. Тастан -тасқа секіреді,
Қалқыып қос құлағы.
Ойын ойнап жүреді,
Ешкінің ол төлі.*
- 8. Үй ішін аралап,
Түнде көп жортады.
Қаптарды жарады,
Мысқтан қорқады.*
- 9. Төрт түліктің «рәкеті»,
Түзде жүрер көксері*

САНЫ БАР СӨЗДЕР

6 + БАҚАН, К + 3 + ІК, 7 + СТИК, ЖЕЛ + 90, 9 + ҚҰМАЛАК, ТҮ + 1.

Сөзжұмбақтың жауабын дұрыс шешкен оқушыға сыйлық бар.
Жауабыңызды 87751425160 ватсап нөміріне жолдаңыз.

Бетті әзірлеген Сапарбай Жанарыс





ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ



Біздің психолог - Татьяна Ильдаровна Набибулина

Как управлять своими эмоциями?

Полностью избавиться от эмоций и неразумно, и невозможно. Нет эмоций плохих или хороших.

Необходимое условие радостного настроения – хорошие взаимоотношения с людьми. И наоборот: радостное восприятие жизни – залог симпатии и расположения к тебе других. Дай себе установку на доброе и уважительное отношение к людям.

Не пытайся просто подавить в себе эмоции. Подавленные чувства все равно выльются наружу тем или иным способом или могут стать причиной заболевания. Лучше "отыграй" эти эмоции внешне, но без вреда для окружающих.

Если у тебя возникло раздражение или ты злишься на кого то, не борись с ними, а попытайся "отделить" их от себя. Понаблюдай за их протеканием, найди и проанализируй причину их появления, и ты убедишься, насколько мелка и несерьезна эта причина. Все это способствует угасанию негативных эмоций.

В отношениях с близкими людьми часто бывает нужно откровенно сказать о своих чувствах, возникших в той или иной ситуации. Это гораздо лучше, чем фальшь и закрытость в общении.

Эмоцияларыңызды қалай басқаруға болады?

Эмоциялардан толығымен құтылу негізсіз және мүмкін емес. Жаман немесе жақсы эмоциялар жоқ.

Қуанышты көңіл-күйдің қажетті шарты-адамдармен жақсы қарым-қатынас. Және керісінше: өмірді қуанышпен қабылдау басқаның саған сенуі мен көзайымы болу кепілі. Өзіңізге адамдарға мейірімді және құрметпен қарауға тырысыңыз.

Тек эмоцияларды басуға тырыспаңыз. Басылған сезімдер бәрібір бір жолмен немесе басқа жолмен шығады немесе ауру тудыруы мүмкін. Бұл эмоцияларды сыртқа "шығарғаныңыз" жақсы, бірақ басқаларға зиян тигізбеңіз.

Егер сізде тітіркену пайда болса немесе ашулансаңыз, олармен күреспеніз, бірақ оларды өзіңізден "қашыруға" тырысыңыз. Олардың барысын бақылаңыз, олардың пайда болу себебін табыңыз және талдаңыз, сіз бұл себептердің қаншалықты таяз және ауыр емес екеніне көз жеткізесіз. Мұның бәрі теріс эмоциялардың жойылуына ықпал етеді.

Жақын адамдармен қарым-қатынаста көбінесе белгілі бір жағдайда туындаған сезімдеріңіз туралы ашық айту керек. Бұл жалғандықтан әлдеқайда жақсы.


Психолог кеңесін аударған Набибулина Анна



ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ КӨРКЕМ ЖАЗУ

СУРЕТТЕ 2 «В» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ САЛИХОВ АМИРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛ ПӘНІНЕ
АРНАҒАН ДӘПТЕРІНЕН КӨРКЕМ ЖАЗУ ҮЛГІСІ.

ОҚУШЫЛАР ӨЗДЕРІҢІЗДІҢ КӨРКЕМ ЖАЗУЛАРЫҢЫЗДЫ ГАЗЕТ БЕТІНДЕ КӨРГІЛЕРІҢІЗ
КЕЛСЕ, ТЫРЫСЫП КӨРЕЙІК. 📌 ТЕК ҮЗДІК КӨРКЕМ ЖАЗУЛАР ЖАРИЯЛАНАДЫ.



КІШКЕНТАЙ АСПАЗШЫ

«Тәтті» кексі

Қажетті қоспалар:

3 жұмыртқа, 200 гр. қаймақ, 400 гр. ұн, 100 гр. қант, 1 шымшым ас содасы мен тұз, ал безендіруге глазурь қажет.

Дайындалуы:

1. Ұнды елеуіштен өткізіп, тұз, ас содасын қосамыз.
2. Содан кейін қант пен қаймақ қосып, араластырамыз.
3. Сұйық және құрғақ қоспаны біріктіріп, жақсылап араластырып аламыз.
4. Қамырды кекс пісіруге арналған қалыптарға саламыз.
5. Кексті 200°C-та 30 минут көлемінде пісіреміз.
6. Дайын кекстерді глазурьмен безендіреміз.

Ас дәмді болсын!



4 «А» сынып оқушысы Борисова Ксенияның «Тәтті» кексін қалай дайындағанын көргіңіз келсе сілтемені <https://youtu.be/FjSivUlle0k> басыңыз.

Әзірлеген Борисова Ксения

Суретті түсірген Хакимова Полина



ӘН ШЫРҚАЙЫҚ!

НҰРЛЫ КӨКТЕМ

1. Нұрлы көктем, көптен күткен,
Келіп жетті далама,
Нұрлы көктем, нұрын төккен,
Сағынбауға бола ма?
Нұрлы көктем, келіп жеткен,
Еліне қайтты құстар.
Нұрлы көктем, сұлу неткен!
Жайнайды қызғалдақтар,

Қайырмасы

Көктем келді жайқала,
Гүл көбелек айнала,
Жаңбыр сеуіп жай ғана,
Нұрлы көктем! Нұрлы көктем!

2 рет

2. Нұрлы көктем, көптен күткен,
Бәйшешек гүл ашады.
Нұрлы көктем, нұрын төккен,
Күн сәулесін шашады.
Нұрлы көктем, келіп жеткен,
Айнала жасыл желек.
Нұрлы көктем, сұлу неткен!
Жарысып көп көбелек.

Қайырмасы

Көктем келді жайқала,
Гүл көбелек айнала,
Жаңбыр сеуіп жай ғана,
Нұрлы көктем! Нұрлы көктем!

2 рет

СВЕТЛАЯ ВЕСНА

1. Светлая весна, долгожданная,
Пришла к нам в степь,
Светлая весна! Проливающая свет
Можно ли не скучать?
Светлая весна, наступила,
Вернулись птицы назад .
Светлая весна, красавица!
Раскидистые тюльпаны

Припев

Весна пришла не спеша
Цветок бабочка кружит,
Дождь льёт просто,
Светлая весна! Светлая весна!

2 раза

2. Светлая весна, долгожданная,
Подснежник распускает цветы.
Светлая весна! Проливающая свет
Подарила солнечного света.
Светлая весна, наступила,
Вокруг всё в зелени.
Светлая весна, красавица!
Много бабочек порхают.

Припев

Весна пришла не спеша
Цветок бабочка кружит,
Дождь льёт просто,
Светлая весна! Светлая весна!

2 раза

ЮТУБ КАНАЛЫНА СІЛТЕМЕ: https://youtu.be/L_8SIpRPCMс



Әнді таңдаған Сустафина Дильназ бен Гришанина Диана



КЕЛ, ТАНЫСАЙЫҚ!

«ЖАС ҚАЛАМҒЕР» ГАЗЕТІНІҢ РЕДКОЛЛЕГИЯ МҮШЕЛЕРІ:

РЕДАКТОРЛАРЫМЫЗ



БОРИСОВА
КСЕНИЯ



ДЕМЕНЕВА
ДАРЬЯ



ШТЫРХУН
НАТАЛИ

ТІЛШІЛЕРІМІЗ



Гришанина
Диана



Мустафина
Дильназ



Набибулина
Анна



Сапарбай
Жанарыс



Жилкина
Таисия



Хакимова
Полина





Редкина
Полина



БАЛАҚАЙ, СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕЙІК!

СУРЕТТІ НҮКТЕЛЕР БОЙЫНША АЙНАЛДЫРА ЖИЕКТЕ ЖӘНЕ ӘДЕМІЛЕП БОЯ.
ОБВЕДИ РИСУНОК ПО ТОЧКАМ И РАСКРАСЬ.



МЕКЕН -ЖАЙЫМЫЗ:

111500, РУДНЫЙ Қ.И.ФРУНЗЕ К-СІ, 16

№21 ГИМНАЗИЯ, ТЕЛ: 8(71431) 97291

E-MAIL: MUSIC-SCHOOL21@YANDEX.KZ

«Жас қаламгер» үйірмесінің жетекшісі

Сыздыкова Динара Балташовна

